

**2023 жылғы 26 маусымдағы жоспардан тыс педагогикалық кеңес
отырысының №7 хаттамасы**

Өткізу күні: 26 маусым 2023 жыл

Катысқандар: 19 педагог

Қатыспағандар: 0 педагог

Тақырыбы: «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» өзін – өзі бағалау қорытындысын шығару.

Мақсаты: Өзін – өзі бағалауды қорытындылау.

Күн тәртібінде:

1. «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» өзін – өзі бағалау қорытындысын шығару – басшы А.Е.Мақан

2. Ұйымның өзін – өзі бағалау комиссия мүшелерінің есебі – әдіскер З.Т.Муканова, бухгалтер Р.Ж.Бекболат, медбике Д.М.Нурпеисова, хатшы Д.Н.Инербаева.

3. Педагогикалық кеңестің қорытындылары мен шешімі: басшы А. Е.Мақан ..

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» КМҚК басшысы А.Е. Мақан 2023 жылғы 26 мамырдан 2023 жылғы 26 маусым аралығында «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» КМҚК 2020-2023 жылдар кезеңіндегі қызметтің барлық бағыттары бойынша өзін – өзі бағалау нәтижелерімен таныстырды. Білім беру ұйымының өзін – өзі бағалауы бойынша барлық материалдар бақшаның ресми сайтына орналастырылады.

Шешімі: Білім беру ұйымының өзін – өзі бағалауы бойынша барлық материалдар бақшаның ресми сайтына 2023 жылғы 1 шілдеге дейін орналастыру.

Жауапты: басшы А.Е.Мақан

Мерзімі: 2023 жылғы 1 шілдеге дейін

2. Екінші сұрақ бойынша әдіскер З.Т.Муканова кадрлық әлеуетті талдау нәтижелері туралы есеппен таныстырды. Педагогтардың кәсіби жетістіктерін, біліктілік деңгейін ұлғаю динамикасын атап өтті. Есептік кезеңде курстық қайта даярлаудан өтіп, педагогтардың 100 % өздерінің педагогикалық шеберліктерін арттырды.

Ұйымдастарылған қызметтің барлық құжаттары жүйелендіріліп, 2020-2023 жылдар аралығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының орындалуы туралы, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және негізгі білім беру бағдарламасы бар балаларды сүйемелдеу туралы оқу жылдары бойынша талдамалық есеп жасалды, аттестаттау кезеңінде негізгі білім беру бағдарламасы бар балалардың балабақшада болмағанына назар аударылды. Тәрбиелерушілердің жетістіктері мониторингінің цифрлық көрсеткіштері бар талдама тыңдалды.

Сондай –ақ балабақшада тәрбиеленушілердің жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып құрылған пәндік – кеңістіктік даму ортасы бар, жеткілікті оқу – материалдық база бар екендігі аталып өтті.

Бухгалтер Р.Ж.Бекболат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді және мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді ұсынды.

Медбике Д.М.Нурпеисова бағаланатын кезеңде балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптар сақталынды. Барлық жас топтарындағы жиһаздарды таңдау оқушылардың антропометриялық мәліметтеріне сәйкес жүреді. МДҰ-да болған уақытта тәрбиелерушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі бақылау жүргізіледі.

Шешімі: Жоспардан тыс педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтар толығымен келісті.

Жауапты: басшы А.Е.Мақан

Мерзімі: 2023 жылғы 1 шілдеге дейін

3. Үшінші сұрақ бойынша басшы А.Е.Мақан тыңдалды. Педагогикалық кеңесті қорытындылап, шешімін бекітті.

Шешімі: Жоспардан тыс педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтар толығымен келісті.

Жауапты: басшы А.Е.Мақан

Мерзімі: 2023 жылғы 1 шілдеге дейін

2023 жылғы 26 маусымдағы жоспардан тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Ұйымның өзін – өзі бағалау жұмысын қанағаттанарлық деп танылды.

Жауапты: басшы А.Е.Мақан


2. Ұйымның өзін – өзі бағалау қорытындысын толық көлемде қабылданды.

Жауапты: басшы А.Е.Мақан

3. Білім беру ұйымының өзін – өзі бағалауы бойынша барлық материалдар бақшаның ресми сайтына 2023 жылғы 1 шілдеге дейін орналастыруға шешім қабылданды.

Жауапты: басшы А.Е.Мақан

Төрайымы



А.Е. Мақан

Хатшы



Д.Н.Инербаева